# ЕҢБЕКТІҢ ЕРЕН ТОРЛАРЫ ЕДІ

Қамшының сабындай бескүндік фәни жалған өмірде ортамыздан еңбектен ерінбейтін туып-өскен өлкесінің өркендеуіне өзіндік үлесін қосыш, артына ізін қалдырған талай жайсаң еңбектің торылары өмірден өтіп жатыр. Солардың қатарына Сәденұлдары Әбдіғали мен Нұрғалиды қосамын. Бұл азаматтар жеті ата таралымы бойынша Қояншытағай бабамыздың Жетес ұрпағына жататын Қараменде атамыздың тумалары.

Әкесі-Сәден Ниязбекұлы соғыс кезінде әскерге барудан бас тартып, Ақтөбе ауылының біраз жігіттермен бірігіп, Қаракемер, Қазығұрт тауларының қуыс-қуысында бас сауғалайды. Олар 1943 жылдың аяғында ұсталып, Сәден 10 жылға сотталып, Долликаның түрмесінде жазасын өтеп жүрген кезде 1952 жылы қайтыс болады.

Анасы - Бибажар Исатайқызы бізге жақын апайымыз болады. Әкенің қамқорлығын көре алмаған екі баланы асырап, жеткізу үшін 1944-1956 жылдары «Ақтөбе» ауылынан (колхоздан) қоныс аударып, «Нұраталды» совхозының «Алабұға» фермасында мал бағып, еңбек етеді. Балалары әскер қатарынан азаматтық борышын атқарып келгеннен соң Бибажар апай аудан орталығына орналасады. Екі баласын аяқтандырып 1968 жылы өмірден өтті.

Әбдіғали - 1936 жылы «Ақтөбе» ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын армия қатарынан кейін 1960-1975 жылдары Орджоникидзе атындағы совхозда слесарь, жұмысшы, жүк машинасының жүргізушісі болып абыройлы еңбек еткен. Сол заманда қарапайым жұмысшыға мемлекет тарапынан, әрине партиянын атынан, қойылатын басты талап, енбектің жоғарғы көрсеткіштеріне жетіп, қабылдаған міндеттерді, тапсырманы тиянақты орындап, бекітілген техниканы ұқыпты ұстау болатын. Әбдіғали еңбектегі жетістіктері үшін бірнеше дүркін социалистік жарыстың жеңімпазы аталды. Әбекеңнің еңбекке, қоғамға деген риясыз санасы мен пайымын төмендегі жайттан көре аламыз.

Ол жоғарыда аталған кеңшарда еңбек еткен жылдары мен совхоз-



қандай кедергісіз шығарып берді. Сүйтіп, біз ауылға олжалы қайтқанбыз. Бұл жағдай Әбекеннің жұмысқа, қоғамға деген адал тиянақтылығы мен тапқырлығы еді. Марқұм Әбекең менімен және менен кішілермен де қатты қалжыңдасатын. Мен сендерге жиенмін, менің айтқандарымды тыңдаңдар және орындаңдар деп отыратын.

1976-1993 жылдар арасында Әбекең ауданның жол мекемесінде, бастығы ортаға белгілі Байжанов Ермек ағайдың қарамағында слесарь - сварщик болып еңбек етті. Ыстыққа күйіп, суыққа тоныып еңбек істеген қиын-қыстау кезеңі денсаулыққа әсер етпей қоймайды ғой. Өбікен бұл жарық дүниеде небөрі 57 жылдай өмір кешіп 1993 жылы келместің кемесіне мініп, бақилыққа аттанды.

Қазіргі замандағы өмір сынаптай сырғып, толқындай тулап, кідірсіз өтіп жатқанның көрудеміз. Әбекеннің өмірден өткеніне де 30 жылдың жүзі болыпты.

Жатқан жерің жарық, иманың жолдас болсын, Әбеке.

Қазекем мұндайда сабырлық жасап айтқан ғой «артыңда ұлын болса-өзін қалғаның, қызың болса-ізін қалғаны» Иншалла, артында



рының алғысы мен ризашылығына ие бола алды. Өмірінің соңғы үш жылын 1972-1975 жылдары ДЭУ кәсіпорында көтерме жол салушы автогрейдерде жүргізуші болды. Осы жылдары қазіргі пайдаланып жүрген аудан орталығы мен «Ақтөбе» ауылын қосатын грейдер автожолы салынды. Жолдың халыққа қажеттілігін көріп жүрген жақсылығына Нұрғалидың да қосқан үлесі бар екен. Өмірдің қызығы мен қуаныштарын көре алмай Нұрғали замандасым небәрі 37 жасында жол апатынан бақилыққа мәңгілікке кете барды.

Жұбайы-Нұрбала өмірге 5 перзент әкелген аяулы ана. Балалары: Қымбат, Сағыдат, Мейрамкүл, Қуаныш өмірдің сыйлаған жақсылықтары мен қуаныштарын көруде. Нұрбала Ақтоғайда туып, өскен. Қазір Қарағандыда тұрады.

Бұл екі азаматтың жұбайлары Қаншайым мен Нұрбаланың өмірге сыйлаған перзенттерінің дені қыз бала. Осыған орай Пайғамбарымыздың (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) Хадисінде: «Қыздар - олар мейірімді, игі жандар. Бір қызы бар адамды Аллаһ Тағала тозақ отынан сақ-

дын бас инженері едім. 1973 жылдың тамыз айының ортасына қарай совхоздың жылу қазандығын жөндеу қажет болды. Әбекеннің астында, сол замандың мықты машинасының бірі болған ГАЗ-53Б. Әбеке, екеуміз жаныңа тағы бір жұмысшыны ал, Қарағандыға Майқұдықтағы «Шойын зауытына» (литейный завод) барамыз. Біздің қазандыққа (Универсиал-6) қажетті жабдықтарды әкелугедедім. Зауыттың бас инженеріне жолығып, жағдайды айтып, жабдықтарды беруді сұрадым. Ол кезде шаруашылықты «Лимчек» деген банкілік қаражат болған. Сол орынға, қолма-қол алған тауарлардың құнын төлеп тастайтынбыз. Бас инженер (орысқой) созбаланға салып, өтініш-заявкаңызды тастап кетіңіз, 20 күннен кейін біз дайындайық, аласыз деді. Бұл мерзім бізді (совхоздың жағдайын) қанағаттандырмады.

Әбекең өзінің қарапайым

жұмысшыларымен тез тіл табысып кететін қасиетімен, Боранбай саспа, мен келістім мына екі жігіт бізге сұраған жабдықтарды сағат кешкі 6-7 арасына дейін дайындап, машинаға артып береміз деді. Машина зауыттын ішінде болған. Айтқандай, орындаушы-жігіттер сөзінде тұрып, біздің шаруамызды тап-тұйанақтай еткен еді. Біз оларға беретінімізді беріп, олар машинамызды зауыт аумағынан ешұл да, қыз да баршылық.

Ермек, Ержан, Гүлім, Жанагүл,

Гүлден, Салтанат, Бақытгүл, Зәуреш атты балалары бір-бір үйдің иесі, ұрпақ сабақтастығын жалғастыруда. Әбекеңнің алғашқы зайыбы Сәуле Әшірқызы, Керней атаның Балта бұтағынан. Өмірге Ермек, Ержан атты азаматтарды әкеліп, бақилық болған. Кейінгі қосағы - Досжанқызы Қаншайым 70-тің желкесіне жетті. Сарым атамыздың Дербісалы батырдың тумасы. Абай қаласында балалары мен немерелерінің ортасында еменжарқын ғұмыр кешуде.

Сәденұлы Нұрғали 1938 жылы

«Ақтөбе» ауылында дүниенің есігін ашқан. 1949-1953 жылдары «Нұраталды» совхозының «Алабұға» фермасында бастауыш мектепке оқиды. Әрі қарай оқуды тоқтатып, анасына мал бағуға көмек береді. 1960 жылдардың басында Армия қатарынан келген соң үш айлық қысқа мерзімді байланысшының курсын бітіріп, 1961-1972 жылдары ауданның байланыс мекемесіндегі қатардағы монтердан техник-механик жұмыстарын жоғарғы деңгейде атқарды. Нұрғали өзіне тапсырған жұмысқа үлкен жауапкершілікпен қарап, сол кездегі ашық-тесік жататын, ұшы-қиыры жоқ сымдарды реттеп, жалғап аудан орталығындағы байланыстың желісін тиянақты атқарып, мекеме басшысы мен ауыл тұрғындаАллаһ Тағала тозақ отынан сақтайды. Екі қызы бар адам солардың себебімен жәннәтқа кіреді. Ал үш қызы бар адам оларға қамқоршы болса оның мойынынан жиһад пен садақаның жауапкершілігі түседі» - деген екен.

Алтын құрсақты қос отанасының жүздері жарқын болып, балалары мен немерлерінің ортасында ұзақ ғұмыр кешсін.

Тәңірдің танытқан тағдырынан ешким, ешқашанда асып кетпеген. Пенде болған соң маңдайға жазылған жазуды мүлтіксіз орындаймыз. «Орны бардың - арты оңалар» - дегендей, осы екі азаматтың өмірден өткені оларды жақын білетіндердің көздерінен кетсе де, көңілдерінен кетпейді, сана-сезімізде сақталады. Марқұмдардың арттағы ұрпағына ұзақ ғұмыр тілеймін. Әкелерің көрмей кеткен өмірдің жақсылығын сендер көріңдер. Бақытты өмір кешулеріне ізгі ниет білдіремін. Марқұмдардың жандары жәннатта, рухтары пейіште шалқысын. Әбекеңе берілетін ас, оқылатын құран қабыл болсын. Ел іргесі аман болып, жарық күндеріміз ұзағынан болғай.

**Боранбай ЖҰМКЕҰЛЫ,**
**Шет ауданының**
**Құрметті азаматы.**